

**Қазақстан Республикасы ІІМ М. Бөкенбаев атындағы
Ақтөбе заң институты
Ғылыми кеңес отырысының**

№ 1 хаттамасы

Өткізу уақыты: 2025 жыл 27 тамыз сағ.15.00.

Өткізу орны: бейне конференц-зал (Әкімшілік ғимарат, 2 қабат)

Күн тәртібі (қоса тіркелді)

1. ТЫҢДАЛДЫ:

Магистрлік диссертациялар тақырыптарының тізбесін талқылау (Кафедра басшыларының ақпараты: А.Ибраева, Л.Жубандыкова, Н.Саханова, В.Хасанова, Е.Алдияров, Т.Бисенова, Е.Туребеков)
/ақпарат, есеп қоса тіркелді /

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР:

Е. Қайнар – Магистрлік диссертациялар тақырыптарының тізбесімен танысып шықтық, жалпы заң пәндері кафедрасының дайындаған сұрақтары Оқу-әдістемелік, Ғылыми-әдістемелік кеңестерінде қаралып, мақұлданған. Қатысушылар сұрақтарыңыз бар ма?

Қатысушылар – Сұрақ жоқ. Қолдаймыз

Е. Қайнар – Қылмыстық құқық және криминология кафедрасымен дайындалған сұрақтар бойынша Оқу-әдістемелік, Ғылыми-әдістемелік кеңестерінде ескертулер мен ұсыныстар болды ма?

А.Сахарбай – Дайындалған сұрақтар бойынша ескертулер мен ұсыныстар болды, қазіргі уақытта назарға алынып, өзгертілді.

Е. Қайнар – Қылмыстық процесс және криминалистика кафедрасы бойынша қандай ескертулер болды?

Б.Мухамедьярова – Магистрлік диссертация тақырыптары бойынша ұсыныстар болды, айтылған ұсыныстар назарға алынып өзгертілді.

Е. Қайнар – Құлыптау құрылғыларының сот-криминалистикалық сараптамасының мәселелері тақырыбының өзектілігі қандай қазіргі уақытта?

Б.Мухамедьярова – Интернет сайттары арқылы қазіргі таңда әр түрлі құрылғыларды тапсырыс арқылы тапсырыс беріп, толыққанды қару дайындалуды. Мысал ретінде 2022 жылғы қаңтар оқиғасында пайдаланған қаруды келтіруге болады.

Д.Амангельдиев – Толықтай келісемін, суық қаруды қытай сайттарынан алынған бөлшектері арқылы дайындалған деп есептейтін болсақ, бұл қазіргі уақытта өзекті және бұл сала тексеріліп жатқан жоқ.

Е. Қайнар – Түсінікті, мен бұл тақырып өзекті емес демеймін, тақырыпты ауқымды болу үшін ашу қажет.

Б.Мухамедьярова – Түсінікті. Қайта өңдеп, өзгертеміз.

Е. Қайнар – Әкімшілік құқық және ІІО әкімшілік қызметі кафедрасының сұрақтары бойынша Ғылыми-әдістемелік кеңесте қандай ескертулер болды? Сонымен қатар, оқуға қабылданған магистранттардың басым көпшілігі учаскелік полиция инспекторлары. Яғни бұл дегеніміз сіздің кафедра бойынша тақырыптар өзекті болуы қажет, сонымен қатар көші-қон қызметі туралы тақырыптар неге қарастырылмаған?

В.Хасанова – Ғылыми-әдістемелік кеңесте айтылған ескертулер мен ұсыныстар назарға алынып, өзгерістер енгізілді. Көші-қон қызметі туралы бір тақырып бар

Е. Қайнар – Бір тақырып аз, таңдау мүмкіндігі жоқ. Осы бағыт бойынша тағы 5 тақырып қосыңыз.

В.Хасанова – Түсінікті

Е. Қайнар – Көлік объектілерінде қауіпсіздікті ұйымдастыру кафедрасы бойынша Локомотивтерді пайдалану кезінде энергия үнемдеуші технологиялар: Қазақстан Республикасының теміржол көлігіне енгізу перспективалары тақырыбы полиция қызметіне қандай қатысы бар? Сонымен қатар, Машиналық оқыту әдістері мен үлкен деректерді талдау негізінде авиациялық тәуекелдерді болжау жүйесінің өзекті мәселелері сұрағыңыз да түсініксіз.

А.Сахарбай – Кафедра бастығы өзі еңбек демалысында болған соң орына кафедра оқытушысы келген болатын, бұл ескертулердің барлығы Ғылыми-кеңес отырысында айтылды. Сіз қайта сол сұрақтармен келіп тұрсыз

Е.Алдияров – Түсінікті. Айтылған ескертулерді назарға алып, қайта өзгертеміз.

Е. Қайнар – Кәсіби-психологиялық даярлық кафедрасы дайындаған сұрақтарыңыз түсінікті, бірақ Тұрмыстық зорлық-зомбылық істері бойынша құқық бұзышыларға қақтығыстық мінез-құлықты түзету мақсатында психологиялық көмек көрсетудің маңызды бағыттары тақырыбы сіздің ойыңызша бұл жерде психологиялық көмекті кім көрсету қажет? Учаскелік полиция инспекторы ма немесе психолог па?

Т.Бисенова – Бұл жерде психологиялық көмекті немесе психологиялық әңгімелесуді учаскелік полиция инспекторы жүргізе алмайды.

Е. Қайнар – Тақырыбыңыз өзекті, бірақ мәселесін дұрыс таңдау қажет. Сол себепте де бұл сұрақты және екінші сұрақты да қайта өңдеуге ұсыныс беремін. Ғылыми кеңес мүшелері ойларыңыз қандай?

Қатысушылар – Келісеміз

Т.Бисенова – Түсінікті

Е. Қайнар – Арнайы тактикалық даярлық кафедрасы бойынша Ғылыми-әдістемелік отырыста қандай ескертулер айтылды?

А.Сахарбай – Алдымен техникалық қателіктер бойынша ескертулер болды, сонымен қатар тақырыптың өзектілігіне назар аударылды.

Е. Қайнар – Түсінікті. Полиция қызметкерлерінің атыс қаруын қолдануының заманауи тәжірибесін проблемалық талдау негізінде атыс дайындығын жетілдірудің өзекті мәселелері тақырыбы қайталанып тұр, менің ойымша

нақты, өзекті деген 5-6 сұрақ қалдыру қажет деп есептеймін. Ойларыңыз қандай?

Қатысушылар – Келісеміз

Е. Қайнар – Тақырыптарыңызды қайта қарастырып шығыңыз.

Е.Туребеков – Түсінікті

Е. Қайнар – Магистрлік диссертациялар тақырыптарының тізбесін, айтылған ескертулерді ескере отырып бекітуді дауысқа салайық?

Қатысушылар – Қолдаймыз

ШЕШІМ:

1) Ақпарат назарға алынсын.

2) Айтылған ұсыныстар мен кемшілікті ескере отырып, магистрлік диссертациялар тақырыптарының тізбесі бекітілсін.

2. ТЫҢДАЛДЫ:

А.Ибраева – Жалпы заң пәндері кафедрасының оқытушысы полиция майоры Г.Т.Симановаға дәріс оқуға рұқсат беру туралы

/ақпарат, материалдар қоса тіркелді /

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР:

Е. Қайнар – Ашық дәріс сабағын өткізу барысында төраға тарапынан қандай ескертулер болды?

А.Ибраева – Полиция майоры Г.Т.Симанованың дәріс сабағын өткізу бойынша ескертулер болған жоқ. Жалпы осы уақытқа дейінгі еңбек өтілін, жұмысқа жауаптылығы мен ғылыми-зерттеу жұмыс ескере отырып, кафедра оқытушысы полиция майоры Г.Симановаға дәріс оқуға рұқсат беруіңізді сұраймын.

Е. Қайнар – Ғылыми кеңес мүшелері өз пікірлеріңізді айтсаңыз болады

Д.Амангельдиев – Дәріс сабағын өткізу бойынша оқытушыны толықтай қолдаймын, бірақ дәріс барысында бірінші сұрақты тез өткізіп, екінші сұрағы ұзатау болды, келесіде уақытқа назар аудару керек, нормативтік актілерді дұрыс ескерте білу қажет деген сияқты ескертулер болды. Жалпы, дәріс оқуға рұқсат беруді қолдаймын.

Қатысушылар – Ескерту жоқ

Е. Қайнар – Жалпы заң пәндері кафедрасының оқытушысы полиция майоры Г.Т.Симановаға дәріс оқуға рұқсат беруді дауысқа салайық

Қатысушылар – Қолдаймыз

ШЕШІМ:

1) Ақпарат назарға алынсын.

2) Жалпы заң пәндері кафедрасының оқытушысы полиция майоры Г.Т.Симановаға дәріс оқуға рұқсат берілсін

3. ТЫҢДАЛДЫ:

Институттың құрылымдық бөлімшелері (факультет, кафедралар) қызметінің негізгі бағыттары бойынша жыл сайынғы (оқу жылы)» есептерін тыңдау (2025 ж. 25.06 №13 ФК шешімі)

Кафедра басшыларының ақпараты: Е.Алдияров, А.Мерғалиев
/ақпарат қоса тіркелді /

СӨЗ СОЙЛЕГЕНДЕР:

Е. Қайнар – Маусым айтында өткен Ғылыми кеңес шешімімен кафедра жұмысы туралы есебі бойынша жұмыс толық орындалмағандықтан келесі отырысқа қалдырылған болатын. Қазіргі уақытта қандай жұмыс атқарылды?

Е.Алдияров – Жоспар бойынша жұмыс орындалды, сонымен қатар жоспардан тыс бір ғылыми-зерттеу жұмысы орындалды.

Е. Қайнар – 2025-2026 оқу жылына арналған кафедраның жұмыс жоспары, силлабустар бекітілді ме?

Е.Алдияров – Силлабустар бекітілді.

Е. Қайнар – Силлабустарды көрдім, бүгін бекіттіңіз. Көлік объектілерінде қауіпсіздікті ұйымдастыру кафедрасының есебі бойынша сұрақтарыңыз бар ма?

Қатысушылар – Сұрақ жоқ

Е. Қайнар – Дене шынықтыру кафедрасы жұмысының есебі бойынша қандай жұмыс атқарылды?

А.Мерғалиев – Полковник мырза, кафедра жұмысына айтылған ескертулер бойынша жұмыс атқарылып, ескертулер жойылды.

Е. Қайнар – 2025-2026 оқу жылына арналған жұмыс жоспары бойынша ескертулер жойылды ма?

А.Мерғалиев – Ескертулер жойылды

Е. Қайнар – Дене шынықтыру кафедрасының есебі бойынша сұрақтарыңыз бар ма?

Қатысушылар – Сұрақ жоқ

Е. Қайнар – Көлік объектілерінде қауіпсіздікті ұйымдастыру және Дене шынықтыру кафедраларының атқарылған жұмысы туралы есебін мақұлдауды дауысқа салайық

Қатысушылар – Қолдаймыз

ШЕШІМ:

1) Ақпарат назарға алынсын.

2) Көлік объектілерінде қауіпсіздікті ұйымдастыру кафедрасының есебі мақұлданын

3) Дене шынықтыру кафедрасының есебі мақұлданын

4. ТЫҢДАЛДЫ:

Е.Туребеков – «Ішкі істер органдары қызметкерлерінің қауіпсіздігінің негіздері» (авт. Е.Е.Туребеков, Е.К. Балмуханов, Е.Е. Сибогатов) оқу құралын талқылау (2025 ж. 25.06 №13 ФК шешімі)

/ақпарат, оқу құралы, құжаттары қоса тіркелді /

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР:

Е.Қайнар – Оқу құралы бойынша маусым айындағы Ғылыми кеңес отырысында айтылған ескертулер бойынша өзгертулер енгізілді ма?

Е.Туребеков – Пайдаланған әдебиеттер тізімінде нормативтік құқықтық актілері, Қазақстан Республикасының заңнамалары, ІІМ нұсқаулары, бұйрықтары пайдалана отырып өзгерістер енгізілді.

Е.Қайнар – Оқу құралына сарапшының қорытындысы бар ма?

Д.Амангельдиев – Оқу құралы толықтай қаралмады, сарапшы қорытындысын берілген жоқ. Ескертулер бойынша жасалған өзгертулерін көрсетіп шықты.

Е.Қайнар – Оқу құралын сарапшыға қайта көрсетіп шығыңыз, қорытынды алыңыз. Сізге екі күн мерзім береміз. Кемшіліктерді жойып, Ғылыми кеңес хатшысына толық құжаттарымен тапсырыңыз.

Е.Туребеков – Түсінікті

Е.Қайнар – «Ішкі істер органдары қызметкерлерінің қауіпсіздігінің негіздері» (авт. Е.Е.Туребеков, Е.К. Балмуханов, Е.Е. Сибогатов) оқу құралын айтылған ескертулерді назарға ала отырып, мақұлдауды дауысқа салайық

Қатысушылар – Қолдаймыз

ШЕШІМ:

1) Ақпарат назарға алынсын.

2) «Ішкі істер органдары қызметкерлерінің қауіпсіздігінің негіздері» (авт. Е.Е.Туребеков, Е.К. Балмуханов, Е.Е. Сибогатов) оқу құралы мақұлдансын.

3) ««Ішкі істер органдары қызметкерлерінің қауіпсіздігінің негіздері» (авт. Е.Е.Туребеков, Е.К. Балмуханов, Е.Е. Сибогатов) оқу құралы басылымға жіберіліп, ISBN алынсын

Жауапты: Е.Е.Туребеков, Е.К. Балмуханов, Е.Е. Сибогатов

Мерзімі: 2025 ж. қыркүйек

5. ТЫНДАЛДЫ:

Е.Туребеков – «Основы личной безопасности сотрудников органов внутренних дел» (авт. А.Кушкимбаев, Д.Кузиков, А.Алимжанов) оқу құралын талқылау (2025 ж. 25.06 №13 ФК шешімі)

/ақпарат, оқу құралы, құжаттары қоса тіркелді /

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР:

Е.Қайнар – Бұл оқу құралы қазақ тілінде дайындалған Ішкі істер органдары қызметкерлерінің қауіпсіздігінің негіздері құралының орыс тілінде дайындал болғандықтан, ескертулері де бірдей болды. Қандай өзгеріс енгіздіңіздер.

Е.Туребеков – Иә, орыс тілінде дайындалғандықтан бұл жерде де жоғарыда айтылған құқықтық нормативтік актілер қосылып, өзгерістер жасалды.

Е.Қайнар – Сарапшының қорытындысы бар ма?

Е.Туребеков – Сарапшы Дархан Амангельдиевич

Д.Амангельдиев – Екі тілде оқу құралды екі күнде қарап үлгермеймін. Басқа сарапшыны тағайындауыңызды сұраймын

Л.Жубандыкова – Орыс тіліндегі оқу құралына сарапшының қорытындысын мен берейін.

Е.Қайнар – Қолдаймын. Оқу құралын сарапшыға көрсетіп, қорытынды алыңыз. Сізге екі күн мерзім береміз. Кемшіліктерді жойып, Ғылыми кеңес хатшысына толық құжаттарымен тапсырыңыз.

Е.Туребеков – Түсінікті

Е.Қайнар – «Основы личной безопасности сотрудников органов внутренних дел» (авт. А.Кушкимбаев, Д.Кузиков, А.Алимжанов) оқу құралын айтылған ескертулерді назарға ала отырып, мақұлдауды дауысқа салайық

Қатысушылар – Қолдаймыз

ШЕШІМ:

1) Ақпарат назарға алынсын.

2) «Основы личной безопасности сотрудников органов внутренних дел» (авт. А.Кушкимбаев, Д.Кузиков, А.Алимжанов) оқу құралы мақұлдансын.

3) «Основы личной безопасности сотрудников органов внутренних дел» (авт. А.Кушкимбаев, Д.Кузиков, А.Алимжанов) оқу құралы басылымға жіберіліп, ISBN алынсын

Жауапты: А.Кушкимбаев, Д.Кузиков, А.Алимжанов

Мерзімі: 2025 ж. қыркүйек

6. ТЫҢДАЛДЫ:

А.Мерғалиев – Қазақстан Республикасы ІІМ М.Бөкенбаев атындағы АЗИ базасында кадет сыныптарының оқушыларына арналған спорттық секциялардың қызметін ұйымдастыру Ережесін талқылау
/ақпарат, Ереже қоса тіркелді /

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР:

Е.Қайнар – Барлығыңыз білетіндей институттың базасында кадет сыныптары оқушыларына арналған спорттық секциялар өткізілуде. Сол себепті арнайы Ереже дайындалды, жұмыстың ұйымдастырылуы жоспарлануда. Ережемен танысып шықтыңыздарма? Ұсыныстарыңыз бар ма?

Қатысушылар – Ұсыныс жоқ

Е. Қайнар – Асланбек Асылбекович, осы уақытқа дейін кадет сыныптарының оқушыларымен қандай жұмыс атқарылды?

А.Мерғалиев – Спорттық секцияларды ұйымдастыру сағат 18.00 жоспарлануда. Себебі кадет сыныптарының атан-аналарымен сөйлесу барысында ұсыныстарын айтқан болатын.

Е. Қайнар – Спорт секциялары өз жұмыстарын қыркүйек айының 2 күнінен бастайды ма?

А.Мерғалиев – Жоспарлануда

Е. Қайнар – Спорт секциялары бойынша маған ақпарат беріңіз.

А.Мерғалиев – Түсінікті.

Е. Қайнар – Қазақстан Республикасы ІІМ М.Бөкенбаев атындағы АЗИ базасында кадет сыныптарының оқушыларына арналған спорттық секциялардың қызметін ұйымдастыру Ережесін бекітуді дауысқа салайық.
Қатысушылар – Қолдаймыз

ШЕШІМ:

1) Ақпарат назарға алынсын.

2) Қазақстан Республикасы ІІМ М.Бөкенбаев атындағы АЗИ базасында кадет сыныптарының оқушыларына арналған спорттық секциялардың қызметін ұйымдастыру Ережесі бекітілсін.

7. ТЫҢДАЛДЫ:

А.Мухтарова – «Information and communication technologies (in English)/ Ақпараттық – коммуникациялық технологиялар» (ағылшын тілінде) (авт. А.Ыбраева, А.Мухтарова) оқу құралын талқылау
/ақпарат, оқу құралы, құжаттары қоса тіркелді /

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР:

Е.Қайнар – Бұл оқу құралына сараптамалық қорытынды берушінің тарапынан қандай да ескертулер болды ма?

А.Мухтарова – Сараптамалық қорытындыны полиция майоры Г.Ибыжанова берді, ескертулер болған жоқ. Жариялауға ұсыныс берген болатын.

Е.Қайнар – А.Ыбраева мен А.Мухтарованың ағылшын тілінде дайындалған «Information and communication technologies (in English)/ Ақпараттық – коммуникациялық технологиялар оқу құралын мақұлдауды дауысқа салайық
Қатысушылар – Қолдаймыз

ШЕШІМ:

1) Ақпарат назарға алынсын.

2) «Information and communication technologies (in English)/ Ақпараттық – коммуникациялық технологиялар» (ағылшын тілінде) (авт. А.Ыбраева, А.Мухтарова) оқу құралы мақұлданды.

3) «Information and communication technologies (in English)/ Ақпараттық – коммуникациялық технологиялар» (ағылшын тілінде) (авт. А.Ыбраева, А.Мухтарова) оқу құралы басылымға жіберіліп, ISBN алынсын

Жауапты: А.Ыбраева, А.Мухтарова

Мерзімі: 2025 ж. қыркүйек

8. ТЫҢДАЛДЫ:

В.Хасанова – Кәмелетке толмағандардың құқықтарын қорғау бойынша әдістемелік ұсынымдарды талқылау

/ақпарат, әдістемелік ұсыным қоса тіркелді /

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР:

Е. Қайнар – Әдістемелік ұсынымға пікір алуды ұсынамын және толыққанды әдістемелік ұсыным ретінде шығарып, оқу процесінде қолдануды ұсынамын.
В.Хасанова – Институттың 2025 жылға арналған ҒЗЖ жоспарына сәйкес әдістемелік ұсыным қазан айына жоспарланған болатын, бірақ ІІМ 15 тамызға дейін тапсыру туралы хатына сәйкес ерте дайындалып, пікір алуға үлгермедік. Сонымен қатар, авторлавр құрамына полиция подполковниктері А.Умурзакова мен Д.Муканова кіргізілді.

Е. Қайнар – Кәмелетке толмағандардың құқықтарын қорғау бойынша әдістемелік ұсынымдар бойынша сұрақтарыңыз, ұсыныстарыңыз бар ма?
Қатысушылар – Ұсыныс, сұрақ жоқ.

Е. Қайнар – Кәмелетке толмағандардың құқықтарын қорғау бойынша әдістемелік ұсынымдарды қыркүйек айына қалдырып, толыққанды құжаттарын толықтыруды ұсынамын.
Қатысушылар – Қолдаймыз.

А.Сахарбай – Кәмелетке толмағандардың құқықтарын қорғау бойынша әдістемелік ұсынымдар Ғылыми-әдістемелік кеңесте қаралып, ІІМ жіберілді. Бірақ, толыққанды құжаттары дайындалып, қыркүйек айына қалдыруды қолдаймын.

ШЕШІМ:

1) Ақпарат назарға алынсын.

2) Кәмелетке толмағандардың құқықтарын қорғау бойынша әдістемелік ұсынымдары толықтырылып, қыркүйек айында қарастырылсын

Жауапты: В.Хасанова, А.Умурзакова, Д.Муканова

Мерзім: 2025 ж. қыркүйек

8. ТЫҢДАЛДЫ:

Кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстың алдын алу тақырыбындағы ғылыми-зерттеу жұмысының қорытынды есептерін талқылау

Л.Жубандыкова, В.Хасанова, М.Найманбаевтың ақпараттары /ақпарат, есеп қоса тіркелді /

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР:

Е. Қайнар – Келесіде Ғылыми кеңесте баяндаушы міндетті түрде слайдпен шығуы қажет. Сіздің есебіңізді толықтай оқып отыру мүмкін емес. Соңғы рет ескертемін барлық Ғылыми кеңес мүшелеріне.

Қатысушылар – Түсінікті

Л.Жубандыкова – Атырау облысында кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстың алдын алу бойынша ұсыныстар әзірленді.

Е. Қайнар – Қызылорда облысы бойынша дайындалған есептің қорытындысы қандай? Қызылорда облысында кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстың алдын алу бойынша қандай ұсыныстар бердіңіздер?

В.Хасанова – Кәмелетке толмағандарды құқықтық тәрбиелеу, құқықтық тәрбие субъектілерінің дайындық деңгейін арттыру, әлеуметтік сипаттағы

мәселелерді шешу, кәмелетке толмағандардың құқыққа қарсы іс-әрекеттерінің профилактикасы субъектілерінің өзара іс-қимылы, ювенальды полиция бөлімшелерінің қызметін жетілдіру бағыттары бойынша ұсыныстар дайындалды.

Е. Қайнар – Бағыттарыңыз қазіргі таңда өзекті, бірақ бұл жұмыспен кім айналысады, ішкі істер министрлігі немесе оқу-ағарту министрлігі ма? Мәселенің мәнін табу қажет бұл жерде, оқу-ағарту министрлігінің қызметкерлерімен ақылдасыңыз, пікірін тыңдаңыз. Есепті өңдеп, толықтыруды ұсынамын.

В.Хасанова – Түсінікті

Е. Қайнар – Шымкент қаласы бойынша кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстың алдын алу бойынша қандай ұсыныстар бердіңіздер?

М.Найманбаев – Психология және психотерапия бағыты бойынша жалпы білім беретін орта және арнаулы орта оқу орындарының педагог-психологтарының біліктілігін арттыру курстарынан өту туралы мәселені қарастыру; психологтың функцияларын іске асыру мақсатында педагог-психологтар үшін оқу сағаттарын енгізу туралы мәселені қарастыру; оқу ұйымдарында қабат бойынша кезекшілік сияқты қосымша міндеттемелерден педагог-психологтарды алып тастау; мектептердегі педагог-психологтардың штатын 1 педагог-психолог бойынша 500 оқушыға ұлғайту туралы мәселені қарастыру, сондай-ақ педагог-психологтардың жүктемесін оқушылар санаттары бойынша бөлу; сынып жетекшілеріне, пән мұғалімдеріне балалар психологиясы бойынша қысқа мерзімді курстардан өту міндеттемесі туралы мәселені қарастыру, сондай-ақ мектеп директорларының орынбасарларына психология саласында кәсіптік білімнің болуы туралы біліктілік талаптарын қосу.

Е. Қайнар – Психология және психотерапия бағыты бойынша жалпы білім беретін орта және арнаулы орта оқу орындарының педагог-психологтарының біліктілігін арттыру курстарынан өту туралы мәселені қарастыру ұсынысыңыз бойынша бұл жерде біліктілікті арттыру ма немесе қайта даярлау курстары ма?

М.Найманбаев – Біліктілікті арттыру курсы бойынша, сонымен қатар кадет сыныптарын ашу ұсынысы да қарастырылды.

Е. Қайнар – Шымкент қаласында кадет сыныптарын ашу бойынша жұмыс жүргізілген, мүмкін ашу жұмыстарын әрі қарай жалғастыру болар. Есепті өңдеп, толықтыруды ұсынамын.

М.Найманбаев – Түсінікті

Е. Қайнар – Айтылған ұсыныстарды ескере отырып, Кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстың алдын алу тақырыбындағы ғылыми-зерттеу жұмысының қорытынды есептерін бекітуді дауысқа салайық.

Қатысушылар – Қолдаймыз.

ШЕШІМ:

1) Ақпарат назарға алынсын.

2) Кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстың алдын алу тақырыбындағы ғылыми-зерттеу жұмысының қорытынды есептері бекітіліп, Қазақстан Республикасы ІІМ Әкімшілік полиция комитетіне жолдансын.

Жауаптылар: Л.Жубандыкова, В.Хасанова, М.Найманбаев

Мерзімі: 2025 ж. тамыз

10. ТЫҢДАЛДЫ:

О.Төлепберген – КФД 1 курс курсанттары мен магистранттарының (2024 ж.қ.) 2024-2025 оқу жылының жазғы емтихан сессиясының қорытындысы туралы /баянат, ақпарат қоса тіркелді /

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР:

Е.Қайнар – Жазғы емтихан сессиясында қанша пән бойынша емтихан, сынақтар қабылданды?

О.Төлепберген – 2024-2025 оқу жылының жазғы емтихан сессиясына барлығы 12 пән шығарылды: Шет тілі (ЖББП кафедрасы), Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (ағылшын тілінде) (ЖББП кафедрасы), Орыс тілі (ЖББП кафедрасы), Саясаттану (ЖББП кафедрасы), Ғылыми зерттеу әдістері (ЖББП кафедрасы), Ішкі істер органдарының қалыптасу және даму тарихы (ЖЗП кафедрасы), Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері (ЖЗП кафедрасы), Қазақстан Республикасының мемлекет және құқық тарихы (ЖЗП кафедрасы), ІІО қызметкерлерінің кәсіби этикасы (КПД кафедрасы), ІІО қызметкерінің жеке қауіпсіздігі негіздері (АТД кафедрасы), Атыс дайындығы (АТД кафедрасы), Дене дайындығы (ДД кафедрасы), сессия институттың Ғылыми кеңесінің 31.01.2025 жылғы № 8 шешімімен бекітілген нысан бойынша жоспарланған мерзімде өтті. Сегіз емтихан компьютерлік тестілеу түрінде, төрт емтихан ауызша (билет) түрде өтті және магистранттарда 7 пән шығарылды: Психологиялық басқару (КПД кафедрасы), Криминалистиканың заманауи кезеңдегі даму тенденциялары (ҚПЖК кафедрасы), ІІО жедел-іздігіру қызметінің теориясы мен практикасының өзекті мәселелері (КОҚҰ кафедрасы), ҚР қылмыстық заңнамасын құқыққолдану тәжірибесінің өзекті мәселелері (ҚҚЖК кафедрасы), ҚР әкімшілік құқығының қазіргі жағдайы мен даму перспективалары (ӘҚЖІОӘҚ кафедрасы), Қазақстандық сервистік полицияны дамытудың тұжырымдамалық ерекшеліктері (ӘҚЖІО ӘҚ кафедрасы), Қазіргі жағдайда қоғамдық тәртіпті қорғауды қамтамасыз етудің проблемалық мәселелері (ӘҚ ж ІІО ӘҚ кафедрасы), сессия институттың Ғылыми кеңесінің 31.01.2025 жылғы № 8 шешімімен бекітілген нысан бойынша жоспарланған мерзімде өтті. Алты емтихан компьютерлік тестілеу түрінде, біреуі аралас түрінде өтті.

Е.Қайнар – Қорытынды бойынша орташа балдары қандай?

2024-2025 оқу жылының жазғы емтихан сессиясының қорытындысы бойынша 1 курс курсанттардың орташа балы 2,70 (В-, жақсы), 1 курс магистранттардың орташа балы 3,12 (В+, жақсы), жалпы үлгерім 100% құрады.

Е.Қайнар – КФД 1 курс курсанттары мен магистранттарының (2024 ж.к.) 2024-2025 оқу жылының жазғы емтихан сессиясының қорытындысы бойынша сұрақтарыңыз немесе ұсыныстарыңыз бар ма?

Қатысушылар – Сұрақ жоқ.

Е.Қайнар – КФД 1 курс курсанттары мен магистранттарының (2024 ж.к.) 2024-2025 оқу жылының жазғы емтихан сессиясының қорытындысын мақұлдауды дауысқа салайық.

Қатысушылар – Қолдаймыз

ШЕШІМ:

1) Ақпарат назарға алынсын.

2) КФД 1 курс курсанттары мен магистранттарының (2024 ж.к.) 2024-2025 оқу жылының жазғы емтихан сессиясының қорытындысы туралы есебі мақұлдандын

11. ТЫҢДАЛДЫ:

Н.Чупринюк – ЖББ кафедрасының оқытушысы Е.Н.Нурлановты дәріс жүргізуге рұқсат беру туралы

/баянат, ақпарат қоса тіркелді /

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР:

Е.Қайнар – Көрсетілім дәріс сабағына қатысушылардың пікірі мен шешімі қандай болды?

Н.Чупринюк – Көрсетілім дәріс сабағына институттың профессорлық оқытушылар құрамы қатысты. Оның ішінде факультет, кафедра бастықтары және қызметкерлері өз пікірлерін айтып, ұсыныстар мен ескертулер берілді. Жалпы сабақ талаптарға сәйкес өткізілді. Дәріс беруші өзінің білікті, тәжірибелі маман ретінде көрсетті.

Д. Амангельдиев – Жалпы сабақ өте жоғары деңгейде, талаптарға сәйкес өткізілді. Аудиторияның барлығын сабаққа қатыстыра білді. Дәріс сабағы қанағаттанарлық деп танылды. Өз мақсатына жетті. ЖББ кафедрасының оқытушысы Е.Нурлановты дәріс сабағын өткізуге ұсыныстар берілді.

Е.Қайнар – Көрсетілім дәріс сабағын өткізу туралы сұрақтарыңыз немесе ұсыныстарыңыз бар ма?

Қатысушылар – Сұрақ жоқ.

Е.Қайнар – ЖББ кафедрасының оқытушысы Е.Н.Нурлановты дәріс жүргізуге рұқсат беру сұрағын мақұлдауды дауысқа салайық.

Қатысушылар – Қолдаймыз

ШЕШІМ:

1) Ақпарат назарға алынсын.

2) ЖББ кафедрасының оқытушысы Е.Н.Нурлановқа дәріс оқуға рұқсат берілсін

12. ТЫҢДАЛДЫ:

Д.Амангельдиев – Кәсіби даярлық факультетінің Ережесіне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы
/баянат, Ереже қоса тіркелді /

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР:

Е.Қайнар – Факультеттің Ережесінің қай бөлігіне өзгерістер енгізілді?

Д.Амангельдиев – Жаңа Ереже төрт бөлімнен тұрады: Жалпы ережелер, Факультеттің негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен жауапкершіліктері, Құқықтар мен міндеттер, Құрылымдық бөлімшенің қызметін ұйымдастыру. Ережеде факультеттің құқықтық мәртебесі, құрылымы, негізгі қызмет бағыттары, функциялары, құқықтары мен міндеттері анықталған. Ереже факультеттің оқу-әдістемелік, тәрбие, ғылыми және әкімшілік жұмысын ұйымдастыру және жүзеге асыру тәртібін, институттың құрылымдық бөлімшелерімен өзара әрекеттесуін, сондай-ақ жауапты тұлғалардың жүктелген міндеттерін орындау жауапкершілігін реттейді.

Е.Қайнар – Кәсіби даярлық факультетінің Ережесіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу бойынша сұрақтарыңыз немесе ұсыныстарыңыз бар ма? Қатысушылар – Сұрақ жоқ.

Е.Қайнар – Кәсіби даярлық факультетінің Ережесіне өзгертулер мен толықтырулар енгізу сұрағын мақұлдауды дауысқа салайық. Қатысушылар – Қолдаймыз

ШЕШІМ:

1) Ақпарат назарға алынсын.

2) Кәсіби даярлық факультетінің Ережесіне өзгертулер мен толықтырулар енгізіліп, бекітілсін.

13. ТЫҢДАЛДЫ:

В.Хасанова – Әкімшілік құқық және ІО әкімшілік қызметі кафедрасының аға оқытушысы полиция майоры К.Жакеновтың баянаты *(Институттың 2025 жылға арналған FЗЖ 55 т. «Қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің сервистік моделі» оқу құралының авторларына полиция подполковнигі В.Хасанованы қосу туралы)*,
/баянат қоса тіркелді /

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР:

Е.Қайнар – Оқу құралына автор қосудың мақсаты қандай?

В.Хасанова – Жалпы, «Қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің сервистік моделі» оқу құралын дайындау себебі қазақ тілінде әдебиеттердің жетіспеушілігіне және кітапханалық қорды толықтыру мақсатында. Қазіргі уақытта К.Жакенов мен бұрын дайындаған оқу құралын орыс тілінен қазақ тіліне аударуда.

Е.Қайнар – Институттың 2025 жылға арналған FЗЖ 55 т. «Қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің сервистік моделі» оқу құралының

авторларына полиция подполковнигі В.Хасанованы қосу бойынша сұрақтарыңыз немесе ұсыныстарыңыз бар ма?

Қатысушылар – Сұрақ жоқ.

Е.Қайнар – Институттың 2025 жылға арналған ҒЗЖ 55 т. «Қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің сервистік моделі» оқу құралының авторларына полиция подполковнигі В.Хасанованы қосуын мақұлдауды дауысқа салайық.

Қатысушылар – Қолдаймыз

ШЕШІМ:

1) Ақпарат назарға алынсын.

2) Институттың 2025 жылға арналған ҒЗЖ 55 т. «Қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің сервистік моделі» оқу құралының авторларына полиция подполковнигі В.Хасанова қосылсын

14. ТЫҢДАЛДЫ:

Л.Жубандыкова – Қылмыстық құқық және криминология кафедрасы бастығының м.а. полиция подполковнигі Л.Жубандыкованың баянаты *(Институттың 2025 жылға арналған ҒЗЖ 200 т. «Әйелдер мен балаларға қатысты зорлық зомбылықтың себептері мен салдарының өзекті мәселелері» ХҒТК атауын «Әйелдер мен балаларға қатысты зорлық зомбылық: себептері, салдары, практикалық шешімдері» өзгерту туралы) /баянат қоса тіркелді /*

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР:

Е.Қайнар – Арман Сахарбаевич баянатпен танысып шықтыңыз ба?

А.Сахарбай – Таныстым, жалпы ҒЗЖ жолспарлау барысында асығыстық танытып, қазақша немесе орысша атауында қателіктер жіберіліп жатады. Сол үшін де барлығыңызға айтарым, тақырып атауларына мұқият болыңыздар. Жалпы баянат бойынша бұл жерде нақты тақырыбы емес, техникалық қателіктер себепін жою мақсатында тақырыбын ауыстыруды қолдаймын.

Е.Қайнар – Институттың 2025 жылға арналған ҒЗЖ 200 т. «Әйелдер мен балаларға қатысты зорлық зомбылықтың себептері мен салдарының өзекті мәселелері» ХҒТК атауын «Әйелдер мен балаларға қатысты зорлық зомбылық: себептері, салдары, практикалық шешімдері» өзгерту бойынша сұрақтарыңыз немесе ұсыныстарыңыз бар ма?

Қатысушылар – Сұрақ жоқ.

Е.Қайнар – Институттың 2025 жылға арналған ҒЗЖ 200 т. «Әйелдер мен балаларға қатысты зорлық зомбылықтың себептері мен салдарының өзекті мәселелері» ХҒТК атауын «Әйелдер мен балаларға қатысты зорлық зомбылық: себептері, салдары, практикалық шешімдері» өзгертуді мақұлдауды дауысқа салайық.

Қатысушылар – Қолдаймыз

ШЕШІМ:

- 1) Ақпарат назарға алынсын.
- 2) Институттың 2025 жылға арналған ҒЗЖ 200 т. «Әйелдер мен балаларға қатысты зорлық зомбылықтың себептері мен салдарының өзекті мәселелері» ХҒТК атауы «Әйелдер мен балаларға қатысты зорлық зомбылық: себептері, салдары, практикалық шешімдері» өзгертілсін.

15. ТЫНДАЛДЫ:

Е.Қайнар – Ғылыми кеңес хатшысының лауазымына ұсыныс

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР:

Е.Қайнар – Ғылыми кеңес мүшелерінің назарына Ғылыми кеңес хатшысының лауазымына заң ғылымдарының кандидаты, полиция полковнигі Тұрдалы Жаксылыкович Каратаевтан баянат келіп түсті. Осы мәселені талқыға салайық.

А.Сахарбай – Т. Каратаевпен 2009 жылдардан бастап 10-ға жуық оқу құралдары жазылып, оқу үрдісінде пайдаланған. Соңғы 2022 жылы «Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік құқығы (Жалпы бөлім және сотқа дейінгі өндіріс)» және 2024 жылы «Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік құқығы (Ерекше бөлім)» сияқты оқу құралдарын әзірлеп, баспадан шығарған. Оқу процесінде өзінің жоғары кәсібилік, шығармашылығымен қатар, жаңа инновациялық технологияларды ұтымды қолдану шеберлігімен ерекшеленеді. Т.Ж.Каратаевтың кандидатурасын қолдаймын.

А.Ибраева – Турдалы Жаксылыкович Каратаев қылмыстық іс жүргізу және әкімшілік құқық саласындағы көптеген ғылыми еңбектердің авторы. Оның ғылыми мақалалары «Investigative activity in the investigation of crimes against the sexual integrity of minors» мақаласы жоғары рейтингті «АБ-Империи» Studies of New Imperial History and Nationalism in the post-Soviet Space журналында, «"Review of Studies on Sustainability" is now officially in press» Legal regulation of climate change in the context of global warming халықаралық журналдарда жарияланған. Сонымен қатар, 2015-2025 жылдар аралығында ҚР Білім және ғылым министрлігінің Білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету Комитеті бекіткен республикалық басылымдарында жарияланған мақалалары бар. Атқарған жұмыстарын ескере отырып, Т.Ж.Каратаевтың кандидатурасы Ғылыми кеңес хатшысының лауазымына лайықты деп есептеймін.

Е.Қайнар – Заң ғылымдарының кандидаты, полиция полковнигі Тұрдалы Жаксылыкович Каратаев 2008 жылы ғылыми атағын алған, Қазақстан Республикасы ІІО еңбек өтілі 28 жыл 2 ай. Ғылыми-педагогикалық қызметтегі өтілі 21 жыл 5 ай, оның ішінде диссертация қорғағаннан кейін ғылыми және (немесе) ғылыми-педагогикалық қызметте 17 жыл; кафедра, факультет бастығы лауазымындарында 5 жыл 4 ай. Сұрақтарыңыз немесе ұсыныстарыңыз бар ма?


Қатысушылар – Сұрақ, ұсыныс жоқ.

Е.Қайнар – Институт бастығының алдында Ғылыми кеңес хатшысының лауазымына заң ғылымдарының кандидаты, полиция полковнигі Тұрдалы Жаксылыкович Каратаевты ұсынуды дауысқа салайық.
Қатысушылар – Қолдаймыз

ШЕШІМ:

- 1) Ақпарат назарға алынсын.
- 2) Ғылыми кеңес хатшысының лауазымына заң ғылымдарының кандидаты, полиция полковнигі Тұрдалы Жаксылыкович Каратаев ұсынылсын

ҒК төрағасының орынбасары:



Е. Қайнар

ҒК хатшысы:

01092025



А. Умурзакова